

„Күншуақ” бөбекжай-бақшасы

„Ән шырқайық бәріміз”
патриоттық отбасылық ән байқауы

Еткізген: Қорғанбаева Р.Ж

2022 жыл

«Ән шырқайық бәріміз»

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бұлдіршіндер және балабақша ұжымы! Баршанызды 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып мерекеге орай үйымдастырылған «Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық ән байқауына қош елдіңіздер!

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қараши!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қараши!

Шолсаң да биік аспаннан

Қарқырап кені тастардан

Республикама қараши!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қараши!

Әнұран.

Жүргізуші: Қазақстан бүгін міне, достықтың туын тіккен жер!

Қазақстан бір кісідей маңдай терін төккен жер!

Сіздердің назарларыңызға Республика күніне арналан патриоттық «Ән шырқайық бәріміз» атты мерекелік сайысты ашық деп жариялауга рұқсат етіңіздер.

Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,

Жанымызда жарқылдайтын жарқын күн.

Атандың сен барлы әлем тілінде,

Атыменен «Қазақ» деген халқының.

Ортада балапанадарымыздың өнерлерін қабыыл алышыздар.

Оркестр.

Жүргізуші: Қыран құсым көк аспанда самғасын.

Желбіресін көк байрақтың сан ғасыр,

Жасұландар, берік ұста туынды

Жарқыратып туган елдің таңбасын дей келе келесі кезекте « Жаса Қазақстан » биіне береміз.

Жүргізуші: Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін-Отан дейді. Әрбір адамда Отанға, туган жерге деген ыстық сезнім, үлкен махаббат болады. Алысқа

жолаушылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте тауы да, тасы да саған ыстық болып тұрады. Адамзаттың парызы туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Келесі кезеті кішкентай бұлдіршін қыздарымыз Айша мен Есенияның Отанга арналған өлең шумақтарына береміз

Жүргізуши: Қазақстан, Қазақстан ұлы аман,

Есімінді естігенде қуанам

Қазақстан қиял жетпес биік тау,

Қазақстан жазғы күнгі гүл алаң.

Ендеше байқауымызға төрелік ететін әділқазы алқаларымен таныстырып өтейін.

1 Мұғалжар ауданының Аналар кенесінің төрайымы Асабаева Жұмагүл Мақсатқызы

2 А. Жұбанов атындағы балалар музыка мектебінің мұғалімі Бектұрғанова Бағила Оразбайқызы

3 «Қарлығаш» бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі Дүймбаева Жазира Сабитқызы

4 «Жансая» бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі Мухтубаева Танзилля Каиргалиевна

Мейірім нұралана бер азат Күнім!

Көрдік біз бұл бақыттың азаттығын,

Таңымды тамылжытқан әсем әнмен

Тындаңыз елін сүйген жастар үнін!

Бүтінгі сайысқа қатысушы үміткерлерімізді ортага шақырамыз.

1. Сұлтанқызы Айым, апасы Сұлтанқызы Айзере

2. Саматова Жасмин, апасы Саматова Нұрайым

3. Жаңбырбай Мансур, Жаңбырбай Мадина, апасы Жаңбырбай Раяна

4. Шайыржанова Еркеназ Ырзабайқызы, апасы Санат Анар Санатқызы

5. Өмірбекова Жанерке Қолғанатқызы, апасы Салқынова Нұржамал, әкесі Салқынов Қолқанат

6. Мунушева Адина, апасы Турганова Айнур Тулепбергенова

7. Амангелдіқызы Айзере, апасы Алдаберген Гүлімай, әкесі Қөшербаев Амангелди

Байқауымыздың шарты 3 балдық жүйемен бағаланады.

Жүргізуши: Ел тұрады шаттық, қойып көңілге

Жарқырайды Елтаңбаң да төрінде

Ірге тасын жатыр берік қаланып

Бетті бұрдық алға жарқын өмірге!

Сұлтанқызы Айым мен апасы Сұлтанқызы Айзереңі «Родина моя» әнімен ортага шақырамыз. Қабыл алышыздар.

Жүргізуші: Кең байтак, коз жетпейтін жерім менің

Таулы орман, жасыл жайлау, көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқын жетті
Тәуелсіз Қазақстан елім менің

Ортага Саматова Жасмин апасы Саматова Нұрайым «Мен қазақтың қызымын»
әні. Қабыл алышыздар!

Жүргізуші: Аман бол халқымыз мәңгілік,
Жүрейік достықта сән құрып.
Бірлік пен ынтымақ нығайса,
Атады әрқашан таң күліп.

Ортага Жаңбырбаевтар отбасының «Тәуелсіздік тірегім» әнімен қарсы алайық.

Жүргізуші: Көк байрагым желбірдейді слімде
Қалықтасын қыран құсы көгімде
Ашық аспан бейбітшілік бейнесі,
Әуелесін Қазақстан жерінде

Шайыржанова Еркеназ аниның Санат Анар «Тәуелсіз қазақтың қызымын» әнімен
қарсы алайық.

Жүргізуші: Қазақпын, еңселі елмін егеменді,
Кенейттім кең әлемге керегімді.
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар
Таныды тепе тең деп тереземді.
Қазақпын қойнауы құт, жері дархан,
Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам.

Өмірбековалар отбасы «Уш бақыттым» әнімен.

Жүргізуші: Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап
Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап
Тіоейтінім барша жұртқа бір ғана
Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ.

Дей келе кезекті Мунушовтар отбасының «Отан» әні қабыл алышыздар.

Жүргізуші: Жырлайды сені жел жұпар шашқанда,
Жырлайды көктем гүлдерін ашқанда.
Тұрасың сен мәңгі жас болып жүректе

Жүрессің сен мәңгі ән болып аспанда.

Кошербаевтар отбасы «Отаным Қазақстан» әні қабыл алышыздар.

Жүргізуши: Бұғынгі патриоттық әндер байқауына қатысушы үміткерлерімізді тындалап шықтық. Әділ қазылар әділ бағасын береді деп сенеміз.

Кең далам, көл дариям, сенгір тауым,

Бабалар женде ерлікпен небір жауын.

Байрағым желбіреп тұр биіктерде

Байладым тәуелсіздік өмір бауын! Дей келе ендігі сөз кезегін әділқазыналқаларына береміз.

Жүргізуши: Құрметті қатысушылар бұғынгі женістерініз құтты болсн. Ендігі сөз кезегін «Күншуак» бөбекжай бақшасының менгерушісі **Курманова Жадра Аскаровнаға** беріледі. Жүргізуши: Бұғынгі «Өн шырқайық бәріміз» атты патриоттық ән байқауы өз мәресіне жетті. Байқауга қатысып өнерлерінізді көрсеткендерініз үшін сіздерге үлкен рахмет. Келе жатқан Республика құні құтты болсын, отбасыларыңзға амандық, дендерінізге саулық, еңбектерінізге жеміс тілейміз. Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

